

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы "Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі" жобасын жүзеге асыру үшін қарыз алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 қарашадағы N 494-II Заңы

Астанада 2002 жылғы 29 наурызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы "Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі" жобасын жүзеге асыру үшін қарыз алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігі нотасының аудармасы**

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

" 2 9 "

н а у р ы з

Астана қаласы

Жоғары Мәртебелі,

Мен Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығы мен даму процесін қолдау мақсатында Жапонияның қарыз беруі мәселесі бойынша Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы таяуда қол жеткізілген төмендегі келісімді растау құрметіне ие болып отырмын:

1. "Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріздеу" жобасын (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындау үшін Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Жапонияның заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне жалпы сомасы жиырма бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион жапон иенінен (Ү 21 361 000 000) тұратын қарыз (бұл жерде және бұдан әрі "Қарыз" деп аталады) беретін болады.
2. (1) Қарызды пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Банк арасында жасалған қарыз туралы келісімге сәйкес қол жеткізілетін болады. Қарыздың өтеу кезеңі мен шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер ішінара төмендегі қағидаттары ұстанатын аталған қарыз туралы келісімге сәйкес анықталатын болады:
  - (a) (i) өтеу мерзімі он (10) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін жиырма (20) жылды құрайтын болады;
  - (ii) пайыздық мөлшерлеме жылына екі бүтін оннан екінші (2,2 %)

қ ұ р а й т ы н                      б о л а д ы ;

(б) Жоғарыда баяндалған (а) тармақшаның шартына қарамастан, Қарыздың бір бөлігін пайдалану Жоба бойынша консультанттардың шығыстарын жабуға қолайлылық берген, жағдайда, келесідей

м ү м к і н д і к т е р                      т у м а қ :

(i) аталған бөлік бойынша өтеу мерзімі он (10) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін отыз (30) жылды құрайтын болады;

(ii) аталған бөлік бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына нөл бүтін жүзден жетпіс бесті (0,75 %) құрайтын болады; және

(в) Қарыз туралы аталған келісім күшіне енген сәттен бастап Қарыз тоғыз (9) жылдың ішінде берілетін болады.

*Ж о ғ а р ы                      М ә р т е б е л і*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С ы р т қ ы   і с т е р   Бірінші   Вице-Министрі*

*Ерлан Ыдырысов мырза*

(2) Осы тармақтың жоғарыда аталған (1) тармақшасында аталған Қарыз туралы келісім қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитын Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне Банк оң баға бергеннен кейін жасалатын болады;

(3) Осы тармақтың (в) жоғарыда аталған (1) тармақшасында аталған Қарыз берудің кезеңі екі Үкіметтің уәкілетті билік органдарының келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. (1) Қарыз қаражаты қазақстандық атқарушы агенттіктің келісім-шарт бойынша қолайлы елдердің жеткізушілері, келісім-шарттық ұйымдар және/немесе кеңесшілері алдындағы, Жобаны орындау үшін қажетті өнімдерді және/немесе қызмет көрсетулерді сатып алуға байланысты туындауы мүмкін төлемдерді жабу үшін қолайлылық бермек, алайда мұндай өнімдер және/немесе қызмет көрсетулер сол қолайлы елдерде өндірілген және/немесе көрсетілген болуы шарт.

(2) Жоғарыда (1) тармақшада аталған қолайлы елдердің тізбесі екі ел Үкіметтерінің уәкілетті органдары арасында келісілетін  
б о л а д ы .

(3) Қарыздың бір бөлігі Жобаны орындауға байланысты орынды талаптарды жабу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер және/немесе көрсетілетін қызметтер Банктің баяндалған ережелеріне сәйкес және рәсімнің

қолданылмайтындығы немесе орынсыздығы жағдайларын қоспағанда, одан әрі халықаралық тендер өткізу арқылы сатылып алынатындығына кепілдік береді.

5. Қарыз бойынша сатылып алынған жүк және теңіз тасымалы мен өнімдердің сақтандырылуына қатысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі көліктік және теңіздік сақтандырушы компаниялардың арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынады.

6. (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер мен/немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметі қажет болатын жапон азаматтарына жұмыстарын орындаулары үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Банкті Қазақстан Республикасында оған және/немесе Қарызға байланысты, сондай-ақ ол бойынша пайыздарға салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(б) Жеткізушілер, келісім-шарттық ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Қарыз бойынша өнімдер жеткізуден және/немесе қызмет көрсетуден түсетін кіріске қатысты Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(в) Келісім-шартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Жобаны орындау үшін қажетті өз материалдары мен құрал-жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық төлемдер мен салықтық баждардан; және

(г) Жобаны іске асыруға қатысатын жапондық жұмысшыларды жеткізушілер, келісім-шартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компаниялардың төлемінен алынатын жеке кірістеріне Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан босатады.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай қажетті шараларды іске асырады:

(а) Қарыз тиісті түрде және тек қана Жобаның орындалуы үшін пайдаланылатын болады; және

(б) Қарыздың қаражатына салынған объектілер осы келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылатын және күтіліп ұсталатын болады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрау салуға сәйкес, Жапонияның Үкіметі мен Банкті Жобаның орындалу барысы туралы ақпарат және деректермен қамтамасыз ететін болады.

10. Екі Үкімет аталған келісімнен туындайтын немесе оған қатысты кез келген мәселе бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен, сонымен қатар, осы нота және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғандарды растайтын Жоғары Мәртебелінің жауап нотасы келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын Жапония Үкіметі алғаннан кейін күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісімді бекіту деп санауды ұсынғым келеді.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебеліге өзімнің зор ілтипатымды білдіргім келеді.

*Қазақстан Республикасындағы  
Жапонияның Уақытша Сенімді Өкілі*

*Хироки Токунага*

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі**  
**нотасының аудармасы**

2002 жылғы "29" наурыз

Астана қаласы

Құрметті Мырза,

Мен төмендегі мәселе бойынша Сіздің бүгінгі нотаңызды алғанымды растау құрметіне ие болып отырмын:

"Мен Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығы мен даму процесін қолдау мақсатында Жапонияның қарыз беруі мәселесі жөніндегі Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы таяуда қол жеткізілген төмендегі келісімді растау құрметіне ие болып отырмын:

1. "Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріздеу" жобасын (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындау үшін Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Жапонияның заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне жалпы сомасы жиырма бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион жапон иенінен (Ү 21 361 000 000) тұратын қарыз (бұл жерде және бұдан әрі "Қарыз" деп аталады) беретін болады.

2. (1) Қарызды пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Банк арасында жасалған қарыз туралы келісімге сәйкес қол жеткізілетін болады. Қарыздың өтеу кезеңі мен шарттары,

сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер ішінара төмендегі қағидаттарды ұстанатын аталған қарыз туралы келісімге сәйкес

анықталатын болады:

- (а) (i) өтеу мерзімі он (10) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін жиырма (20) жылды құрайтын болады;
- (ii) пайыздық мөлшерлеме жылына екі бүтін оннан екіні (2,2 %) құрайтын болады;

(б) Жоғарыда баяндалған (а) тармақшаның шартына қарамастан, Қарыздың бір бөлігін пайдалану Жоба бойынша консультанттардың шығыстарын жабуға қолайлылық берген жағдайда келесідей

мүмкіндіктер тұмақ:

- (i) аталған бөлік бойынша өтеу мерзімі он (10) жыл жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін отыз (30) жылды құрайтын болады;
- (ii) аталған бөлік бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына нөл бүтін жүзден жетпіс бесті (0,75 %) құрайтын болады; және

*Қазақстан Республикасындағы  
Жапонияның Уақытша Сенімді Өкілі*

*Хироки Токунага мырзаға*

- (в) Қарыз туралы аталған келісім күшіне енген сәттен бастап Қарыз тоғыз (9) жылдың ішінде берілетін болады.
- (2) Осы тармақтың жоғарыда аталған (1) тармақшасында аталған Қарыз туралы келісім қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитын Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне Банк оң баға бергеннен кейін жасалатын болады;
- (3) Осы тармақтың жоғарыда аталған (в) тармағының (1) тармақшасында аталған Қарыз берудің кезеңі екі Үкіметтің уәкілетті билік органдарының келісімі бойынша ұзартылуы

мүмкін.

3. (1) Қарыз қаражаты қазақстандық атқарушы агенттіктің келісім-шарт бойынша қолайлы елдердің жеткізушілері, келісім-шарттық ұйымдар және/немесе кеңесшілері алдындағы, Жобаны орындау үшін қажетті өнімдерді және/немесе қызмет көрсетулерді сатып алуға байланысты туындауы мүмкін төлемдерді жабу үшін қолайлылық бермек, алайда мұндай өнімдер және/немесе қызмет көрсетулер сол қолайлы елдерде өндірілген және/немесе көрсетілген болуы шарт.

(2) Жоғарыда (1) тармақшада аталған қолайлы елдердің тізбесі екі ел Үкіметтерінің уәкілетті органдары арасында келісілетін

б о л а д ы .

(3) Қарыздың бір бөлігі Жобаны орындауға байланысты орынды талаптарды жабу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер және/немесе көрсетілетін қызметтер Банктің баяндалған ережелеріне сәйкес және рәсімнің қолданылмайтындығы немесе орынсыздығы жағдайларын қоспағанда, одан әрі халықаралық тендер өткізу арқылы сатылып алынатындығына кепілдік береді.

5. Қарыз бойынша сатылып алынған жүк және теңіз тасымалы мен өнімдердің сақтандырылуына қатысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі көліктік және теңіздік сақтандырушы компаниялардың арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынады.

6. (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер мен/немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметі қажет болатын жапон азаматтарына жұмыстарын орындаулары үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Банкті Қазақстан Республикасында оған және/немесе Қарызы байланысты, сондай-ақ ол бойынша пайыздарға салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(б) Жеткізушілер, келісім-шарттық ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Қарыз бойынша өнімдер жеткізуден және/немесе қызмет көрсетуден түсетін кіріске қатысты Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(в) Келісім-шартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Жобаны орындау үшін қажетті өз материалдары мен құрал-жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық төлемдер мен салықтық баждардан; және

(г) Жобаны іске асыруға қатысатын жапондық жұмысшыларды жеткізушілер, келісім-шарттық ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компаниялардың төлемінен алынатын жеке кірістеріне Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан босатады.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай қажетті шараларды іске асырады:

(а) Қарыз тиісті түрде және тек қана Жобаның орындалуы үшін пайдаланылатын болады; және

(б) Қарыздың қаражатына салынған объектілер осы келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылатын және күтіліп ұсталатын болады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрау салуға сәйкес, Жапонияның Үкіметі мен Банкті Жобаның орындалу барысы туралы ақпарат және деректермен қамтамасыз ететін болады.

10. Екі Үкімет аталған келісімнен туындайтын немесе оған қатысты кез келген мәселе бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен, сонымен қатар, осы нота және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғандарды растайтын Жоғары Мәртебелінің жауап нотасы келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын Жапония Үкіметі алғаннан кейін күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісімді бекіту деп санауды ұсынғым келеді.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебеліге өзімнің зор ілтипатымды білдіргім келеді".

Мен сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда баяндалғандармен келісетінін және Сіздің нотаңыз бен осы жауап нота келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын Жапонияның Үкіметі алғаннан кейін күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісімнің бекітілуі деп саналатынына келісімін білдіретінін растау құрметіне ие болып отырмын.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге өзімнің ілтипатымды білдіргім келеді.

*Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер Бірінші Вице-Министрі*

*Ерлан Ыдырысов*